

КҮРДЕЛІ КЕЗЕҢДЕ ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕ ОТЫРЫП

EURASIAN RESOURCES GROUP | 2020 ЖЫЛҒЫ ОРНЫҚТЫ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕП

Біздің миссиямыз: Өзіміз атқаратын істе үздік болу. Құндылықтарға адалдықты сақтай отырып, әлеммен бірге даму. Жер мен адамзаттың потенциалын ұқыпты игере отырып, бізге сенім артқандардың гүлденуін қамтамасыз ету.



ҚАУІПСІЗДІК



0,61 еңбекке жарамдылық күндерін жоғалтқан жарақаттар жиілігі (LTIFR)¹ (2019 жыл: 0,83)

ISO 45001 ҚДР Metalkol RTR сыртқы аудитіне дайындық

COVID-19: ӨЗ ЖҰМЫСКЕРЛЕРІМІЗ БЕН ЖЕРГІЛІКТІ ҚАУЫМДАСТЫҚТАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

- COVID-19 індетімен күрес бойынша дағдарысқа қарсы штаб құру
- Топ қызметкерлері үшін антиденелердің болуына қатысты ПТР-диагностика және сынақ ұйымдастыру
- Жұмыс орындарында вирус жұқтырудың алдын алу бойынша кешенді шаралар
- Нұр-Сұлтандағы ERG-дің жаңа медициналық зертханасы
- **\$4 млн** – Қазақстан өңірлерінде COVID-19 пандемиясымен күресуде денсаулық сақтау ұйымдарына қолдау көрсету
- ҚДР-дағы Metalkol RTR-ға жақын жерде тұратын жергілікті халыққа **16 200** көп рет пайдаланылатын қорғаныс бетпердесі
- Африкада жергілікті билік органдарына медициналық жабдықтар ұсыну
- **\$54 мың** – Бразилиядағы жергілікті муниципалитетке қаржылық көмек

БІРЛІК



ЖАУАПКЕРШІЛІК



ESG мәселелері жөніндегі комитет 2021 жылдың басында құрылды



Құны \$350 млн 10-жылдық бағдарлама – Қазақстандағы ауаның сапасын жақсарту



\$65 млн Топтың әлеуметтік инвестициялары



Жауапты жеткізілімдер тізбегі: Global Battery Alliance, Re/Source және ERG жеткізушілерінің мінез-құлық кодексі

Өңірлік даму бағдарламаларын әзірлеу аясында жергілікті қоғамдастықтардағы кешенді әлеуметтік зерттеулер (**4** моно-қала және **2** кент), Қазақстан

\$38 мың – «Студенттер кәсіпкерлігінің экожүйесі» (**>1 400** студент және **500** оқытушы оқытылды), Қазақстан

«Жаңа кәсіптер атласы»: Қазақстанда экономиканың 9 басым саласы үшін енгізуді қолдау

\$104 мың – Бразилияның Ильеус қаласындағы **Sao Jose – Santa Casa de Misericordia** ауруханасына қолдау көрсету

Тау-кен өндіру қауымдастықтарында балалардың еңбегін пайдаланудың алдын алу қорына қолдау көрсету (ЮНИСЕФ)

120 жас іздеуші Раст²-пен ынтымақтасу аясында қолдауға ие болды

\$165 мың – ҚДР-дағы Ленге кентінде жаңа бастауыш мектептің құрылысын салу

\$364 мың – Суды пайдалануды бақылау бойынша қауымдық комитеттер мен ауыл шаруашылығын тұрақты дамыту бағдарламасына қолдау көрсету (Comide және Boss Mining)

GSIF³-пен көпжылдық ынтымақтастық, соның ішінде:

- **400** отбасы (~**2 800** адам) ауыз сумен қамтамасыз етілді
- Майдагерлік қауымдарының **12 298** мүшесі COVID-19 індетінің алдын алуға оқытылды
- **10** фермерлік кооператив құрылды
- **758** жергілікті тұрғын балалардың құқығына және балалар еңбегімен байланысты тәуекелдерге арналған оқытудан өтті

Минералды ресурстардың жауапты шығу тегін қамтамасыз ету үдерісі (RMI) – Metalkol RTR-де аудиттен өту бойынша міндеттемені қабылдау

ДАМУ



• «Қазақстан Тәуелсіздігіне 10 жыл» шахтасы (Қазхром) – игере қазуды әрі қарай жалғастыру

• Metalkol RTR (ҚДР) әлемдегі көлемі бойынша **2-ші** кобальт өндіруші: бірінші кезектегі жобалық қуатқа шығару, сондай-ақ екінші кезектің құрылысын аяқтау

• Frontier, ҚДР: «Контур-3» жобасы әзірлеу мерзімін **2024 жылға** дейін созады және 2020 жылы өндірістің **25%-ға** дейін өсуін қамтамасыз етеді.

• VAMIN, Бразилия: темір рудасын өндірудің басталуы (жылына **1 млн. т**), Порту-Сул тереңсулы портының құрылысын бастау, сондай-ақ 2021 жылдың сәуірінде FIOLE⁴ темір жолының бірінші телімінің құрылысына жарияланған аукционда жеңіске жету

• Индустрия 4.0 қағидаттарына сәйкестікті қамтамасыз ету: Топтың цифрлық стратегиясын іске асыруды жалғастыру

• ERG Exploration құру: **>40** кен орнынан тұратын қоржын

• Гео-3D-үлгілеу: тау-кен жұмыстарын жоспарлауды жетілдіру үшін гео-3D-үлгілеу тиісті халықаралық стандарттарына өту бойынша жұмысты жалғастыру

• Ақылды карьер: Қазақстан кәсіпорындарында іске асыруды жалғастыру

265 мың. т алюминий өндірудің рекордтық көлемі

1 653 мың. т тауарлық ферроқорытпа өнімін өндіруді ұлғайту

ТИІМДІЛІК



Пандемия кезінде өндірістік қызметтің тиімділігін қамтамасыз ету



Идеялар фабрикасы: **16 мың** қызметкерлердің идеясы - Олардың арасында **10,9 мың** идея іске асыруға қабылданды (**\$9 млн.** – шығындардың күтілген қысқаруы)



Жасанды интеллект технологиялары: Ақсу ферроқорытпа зауытында енгізу



Қазақстанда 2016-2020 Энергиялық тиімділік бағдарламасын енгізу



Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету: берешекті қайта құрылымдау және жаңадан қаржыландыру



Инновациялар порталын іске қосу (www.erg-innovatopn.kz): технологиялық мәселелерді шешу бойынша **>100** ұсыныс алынды



>465 мың т. қалдық Қазақстандағы бөтен ұйымдарға өткізілді



ERG Way өндірістік жүйесі – операциялық тиімдікті арттыруды жалғастыру



ERG Инноваторлар форумы: **>200** қызметкер және **130** делегат



6 480 мың т. қалдық Metalkol RTR-де қайта өңделді

¹ Тек қызметкерлер. Өлімге әкелген жағдайларды қамтиды.

² Солтүстік Колвезидегі тау-кен өндіру саласында балалардың еңбегін пайдалануды жою жөніндегі бағдарлама

³ Good Shepherd International Foundation халықаралық қоры

⁴ Батыс-шығыс темір жолы